КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 13 шілде №7119-23-00-2/6849 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К.Жетібаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Мәдениет және спортминистрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Астана» Олимпиадалық даярлауорталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
Жеке кәсіпкер «Каз-Энергокомплект» атауымен әрекет етуші Ныгыметова Бакытгуль Отанбековна,
Жеке кәсіпкер «QADAM» атауымен әрекет етуші Тухеева Молдир Нурболатовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің, 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спортминистрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Астана» Олимпиадалық даярлауорталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкерлер жеке кәсіпкер «Каз-Энергокомплект» атауымен әрекет етуші Ныгыметова Бакытгуль Отанбековнаны, жеке кәсіпкер «QADAM» атауымен әрекет етуші Тухеева Молдир Нурболатовнаны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Каз-Энергокомплект» атауымен әрекет етуші Ныгыметова Бакытгуль Отанбековна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер жеке кәсіпкер «QADAM» атауымен әрекет етуші Тухеева Молдир Нурболатовна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын

Жауапкерлер жеке кәсіпкер «Каз-Энергокомплект» атауымен әрекет етуші Нығыметова Бакытгуль Отанбековнадан және жеке кәсіпкер «QADAM» атауымен әрекет етуші Тухеева Молдир Нурболатовнадан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңгеден мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Ж.К. Жетібаев**

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 13.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 22.08.2023, судья Жетибаев Ж. К., 22.08.2023

7119-23-3-1/6634